

"Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне кері тегін тасымалдауды ұсыну үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 03 қаңтардағы N 7/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 05 ақпанда N 3403 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 19 маусымдағы N 295/5 қаулысымен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық әкімдігінің 19.06.2013 N 295/5 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2000 жылдың 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" N 745 қаулысына сәйкес, мемлекеттік қызметті сапалы көрсету мақсатында Ертіс ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне кері тегін тасымалдауды ұсыну үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Ертіс ауданының ауыл және ауылдық округ әкімдеріне мемлекеттік қызметті уақытында және сапалы көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі	Ж. Шұғаев	
П а в л о д а р	о б л ы с ы	
Е р т і с	а у д а н ы	ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 3	ж ы л ғ ы	3
№ 7 / 1	қ а у л ы с ы м е н	қ а ң т а р д а ғ ы
бекітілген		

"Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне кері тегін тасымалдауды ұсыну үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне кері тегін тасымалдауды ұсыну үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет), осы регламенттің 1 қосымшасына сәйкес кентің, ауылдық (селолық) округтің жергілікті атқарушы органы (бұдан әрі - әкімдік) көрсетеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" N 1119 қаулысына сәйкес (бұдан әрі – стандарт) жүзеге асырылады.

4. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі- мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет оқу жылы бойы көрсетіледі: 1) белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сенбі, жексенбі және мереке күндерді қоспағанда, түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін; 2) қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі білім алушылар мен тәрбиеленушілерді жалпы білім беретін білім беру ұйымдарына және үйлеріне тегін тасымалдауды қамтамасыз ету туралы анықтама немесе қызмет көрсетуді ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін жүгіну 5 жұмыс күнін құрайды;
2) өтініш беруші жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты (тіркеу кезінде) – 30 минуттан аспайды ;

3) өтініш беруші жүгінген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызмет алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты 30 минуттан аспайды.

9. Мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметтің нәтижесі мемлекеттік қызметті алушының өзі немесе оның өкілі өтініш берген жағдайда (ресми куәландырылған тиісті құжаттар болған кезде) өтініш түскеннен кейін 5 жұмыс күні өткен соң беріледі.

10. Мемлекеттік қызметті алушының стандарттың 11 тармағында көрсетілген құжаттарды толық тапсырмауы мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартуға негіз болады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

11. Мемлекеттік қызмет алу үшін мемлекеттік қызметті алушы стандарттың 11-тармағында белгіленген құжаттарды ұсынады.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсыру кезінде мемлекеттік қызметті алушыға өтінішті алу мерзімі мен нөмірі, құжаттарды қабылдап алған әкімдік маманының тегі, аты, әкесінің аты, қызметті алу мерзімі көрсетіліп қолхат беріледі.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне мемлекеттік қызметті алушының уәкілетті органға тікелей өтініш беруі кезінде мынадай құрылымдық-функционалды бірліктер қатысады:

- 1) әкімдіктің бас маманы;
- 2) ауылдың және ауылдық округтің әкімі.

14. Осы регламенттің 2-қосымшасында әрбір әкімшілік іс-әрекеттің (рәсім) орындалу мерзімін көрсете отырып, әрбір құрылымдық-функционалды бірліктер әкімшілік іс-әрекеттер (рәсімдер) байланысы және реттілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы келтірілген.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде әкімшілік іс-әрекеттердің қисынды реттілігі мен құрылымдық-функционалды бірліктер арасындағы өзара байланысты көрсететін нобайы осы регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

4. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

16. Мемлекеттік қызметті көрсететін уәкілетті органның лауазымды тұлғалары мемлекеттік қызметті көрсету барысында олармен қабылданған шешімі және әрекеті (әрекетсіздігі) үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.

"Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне

кері тегін тасымалдауды ұсыну
 үшін құжаттар қабылдау" регламентіне
 1-қосымша

**Ертіс ауданы ауылдық округ
 әкімдері аппараттарының тізімі**

№	Ауылдық округ әкімі аппаратының атауы	Елді мекеннің атауы	Байланыс телефоны	Заңды мекенжайы	С а й т мекенжайы
1	"Ертіс ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ертіс ауылы	(871832) 21684	Ертіс ауылы, Богенбай батыр көшесі, 97	жоқ
2	"Голубовка ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Голубовка ауылы	(871832) 25333	Голубовка ауылы, Целинный көшесі, 20	жоқ
3	"Амангелді ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Амангелді ауылы	(871844) 296-30	Амангельды ауылы	жоқ
4	"Ағашорын ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ағашорын ауылы	(871844) 29334	Ағашорын ауылы, Богенбай батыра көшесі, 5а	жоқ
5	"Иса-Байзақов ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Байзақов ауылы	(871832) 24277	Байзақов ауылы, Николаев көшесі, 1	жоқ
6	"Қосағаш ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қосағаш ауылы	(871832) 41430	Қосағаш ауылы, Абыхай-хан көшесі, 1	жоқ
7	"Қызылжар ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қызылжар ауылы	(871832) 27130	Қызылжар ауылы, Комсомольская көшесі, 17	жоқ
8	"Қоскөл ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қоскөл ауылы	(871832) 40143	Косколь ауылы	жоқ
9	"Қарақұдық ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қарақұдық ауылы	(871832) 27541	Қарақұдық ауылы	жоқ
10	"Қызылқак ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Қызылқак ауылы	(871844) 26517	Қызылқак ауылы, Ленин көшесі, 12	жоқ
11	"Ленин ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ленин ауылы	(871844) 29132	Ленин ауылы, Целинный көшесі, 1	жоқ
12	"Луговой ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Луговой ауылы	(871832) 27749	Луговое ауылы, Жамбыла көшесі, 1	жоқ
13	"Майқоңыр ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Майқоңыр ауылы	(871832) 29223	Майқоңыр ауылы, Дзержинский көшесі, 12	жоқ
14	"Панфилов ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Панфилов ауылы	(871832) 27330	Панфилов ауылы, Горобца көшесі, 1а	жоқ

15	"Северный ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Северный ауылы	(871832) 29444	Северный ауылы, Садовый көшесі, 55	жоқ
16	"Сілеті ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Сілеті ауылы	(871832) 26369	Селета ауылы, Школьный көшесі, 2	жоқ
17	"Токта ауылы әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Токта ауылы	(871832) 40034	Токта ауылы, Центральный көшесі, 5	жоқ
18	"Ұзынсу ауылдық округі әкімінің аппараты" Мемлекеттік мекемесі	Ұзынсу ауылы	(871832) 41317	Узынсу ауылы, Ленин көшесі, 14	жоқ

"Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне кері тегін тасымалдауды ұсыну үшін құжаттар қабылдау" регламентіне 2-қосымша

Құрылымдық-функционалдық бірліктердің (бұдан әрі – бірліктер) іс-әрекеттерінің сипаттамасы ауылдық округ әкімдігіне жүгінген кезде

Негізгі үдерістің іс-әрекеті (барысы, жұмыс ағыны)		1	2	3	4
1.	Іс-әрекеттің барысының, жұмыс ағынының) N				
2.	Бірліктердің атауы	Ауылдық округ әкімі аппаратының маманы	Ауылдық округ әкімі аппаратының маманы	Ауыл әкімі	Ауылдық округі әкімі аппаратының маманы
3.	Іс-әрекеттің үдерістің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы	Өтінішті және мемлекеттік қызметті алуға қажетті құжаттарды қабылдау	Анықтама немесе мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап жобасын дайындау	Анықтама немесе мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап жобасын қарастыру	Анықтамаларды есепке алу кітабында тіркеу
		Қажетті құжаттарды алуда қызмет көрсетуді			Мемлекеттік қызметті алушы білім алушылар мен тәрбиеленушілер жалпы білім бер

4.	Аяқтау нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-өкімгерлік шешім)	алған күнін көрсете отырып, қолхат берген әкімдік маманының өтінішті қабылдап алған нөмірі мен күнін, тегін, атын, әкесінің атын көрсете отырып қолхат беріледі	Анықтама немесе мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап жобасы	Анықтама немесе мемлекеттік қызметті алушыға мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою	ұйымдарына жән үйлеріне кері тег тасымалдауды қамтамасыз ету туралы анықтаманы немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру
5.	Орындалу мерзімдері	30 минуттан артық емес	2 жұмыс күні	1 жұмыс күні	30 минуттан артық емес
6.	Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2 баған	3 баған	4 баған	

"Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне кері тегін тасымалдауды ұсыну үшін құжаттар қабылдау" регламентіне
3-қосымша

Ауылдық округ әкімдігіне өтінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету сызбанұсқасы

